

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТІРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

М. Қ. Балтабасова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ
(Ерекше бөлімі)
сызбалар альбомы

ҚАРАҒАНДЫ
2017

ӘОЖ 347(075)
КБЖ 67.404я73
Б 20

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды

Пікір жазғандар: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент **А. С. Қыздарбекова**; Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті **Г. А. Аубакирова**.

М. Қ. Балтабасова

Б 20 Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Ерекше бөлім): Сызбалар альбомы: Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017. — 104 б.

ISBN 978-601-7881-51-1

Еңбекте Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы ерекше бөлімінің негізгі түсініктері берілген. Сызбалар альбомы Қазақстан Республикасының ІІМ жоғары оқу орындарының заң факультетінің курсанттарына арналған.

ӘОЖ 347(075)
КБЖ 67.404я73

ISBN 978-601-7881-51-1

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2017;
© М. Қ. Балтабасова, 2017

КІРІСПЕ


Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім) негізгі оқу пәні, құқықтың жетекші салаларының бірі болып табылады. Оның маңызды рөлі мемлекеттегі нарықтық экономиканың дамуымен және тауар-ақша қатынастарының жетілдірілуімен түсіндіріледі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғаудың құқықтық реттеу, ең алдымен, азаматтық құқық субъектілерінің арасында пайда болатын қатынастарда, оның сақтаудың кепілдігі болып табылады. Азаматтық заңнама осы қатынастарды нақтылы реттей отырып, оның субъектілеріне қажетті құқықтық нәтижеге қол жеткізу үшін өзіндік құқықтары мен мүдделерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді реттейтін нормалар жүйесі толықтай жетілдірілмеген. Осыған орай, азаматтық-құқықтық заңдарды мақсатқа сай және ұтымды қолдана білуден құқықтық қатынастардың тұрақтылығы немесе бұзылған құқықтарды қалпына келтіру тәуелді болады, сондықтан азаматтық құқық пен заңнаманы білу маңызды ғана емес, өте қажет болып табылады.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ
4-БӨЛІМ. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ

25-ТАРАУ. САТЫП АЛУ-САТУ

1-параграф. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелер




**Шарт жасау кезінде сатушыда бар,
айналымнан алынып тасталмаған кез келген мүлік**

**САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫНЫҢ НЫСАНЫ
(ОБЪЕКТ)**


**Келешекте сатушымен жасалынатын
немесе сатып алынатын мүлік**







2-параграф. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты





3-параграф

Тауар жеткізілімі шарты


Кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді (ҚР АҚ 458-бап)

Ақылы шарт

Өзара шарт

Консенсуалды шарт

Егер тауар жеткізілімі шарты туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, тауар жеткізілімі шартына сатып алу-сату шартының ережелері қолданылады






Тараптардың өзара келісімі бойынша

**ТАУАР ЖЕТКІЗІЛІМІ ШАРТЫН
ӨЗГЕРТУ МЕН ТОҚТАТУ**

Соттың шешімі бойынша

4-параграф. Келісімшарт жасасу шарты (Контрактация)





5-параграф. Энергиямен жабдықтау шарты

Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудан шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.





ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ


Энергиямен жабдықтау шарты бойынша абонент болып энергияны тұрмыста пайдалану үшін қолданатын азамат

Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланушы азамат абонент болған жағдайларда, бұл туралы ол энергиямен жабдықтаушы ұйымға хабарлап, пайдаланған энергия ақысын толық төлеген кезде шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.


Энергиямен жабдықтау шарты бойынша абонент болып заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздерге сәйкес энергиямен қамтамасыздандыратын ұйым шартты орындаудан біржақты орындауға құқылы.


6-параграф. Кәсіпорынды сату



26-ТАРАУ. АЙЫРБАС ШАРТЫ





27-ТАРАУ. СЫЙҒА ТАРТУ ШАРТЫ




28-ТАРАУ. РЕНТА ШАРТЫ

Рента шарты бойынша бір тарап (рента алушы) екінші тараптың (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны ұстау үшін өзге де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттенеді.







Тұрақты рента — рента шарты бойынша бір тарап (рента алушы) екінші тараптың (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны ұстау үшін өзге де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттенеді.

Рента алу құқығы келесі негіздер бойынша берілуі мүмкін

- талап ету құқығын беру;
- мұрагерлер арқылы;
- заңды тұлғаның қайта құрылуы.

Рента алушы

- Азаматтар;
- Коммерциялық емес ұйымдар, егер заңға қайшы келмесе және де олардың қызметінің мақсатына сай болса


Тегін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүлдіру қауіпіне жауапты;

- ақы ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылған немесе кездейсоқ бүлінген жағдайда өз қалауы бойынша келесіні талап етуге құқылы:
- рентаны төлеу бойынша міндеттемені тоқтатуға;
- рента төлеу шартын өзгертуге.

Рента төлеуші

- азаматтар;
- заңды тұлғалар

Шарттың тараптары



Өмір бойы асырауда ұстау шарты бойынша рента алушы азамат өзіне тиесілі қозғалмайтын мүлікті сол азаматты және (немесе) ол көрсеткен үшінші бір адамды өмір бойы асырауда ұстауды жүзеге асыруға міндеттенген рента төлеушінің меншігіне береді.

Шарттың нысаны

Қозғалмайтын мүлік

Шарттың тараптары


Рента алушы
Тек қана жеке тұлғалар

Өмір бойы асырауда ұстау шартын тоқтату негіздері

Рента төлеуші:
- жеке тұлға
- заңды тұлға


- Өмір бойы асырауда ұстау міндеттемесі рента алушы қайтыс болғанда тоқтатылады.
- Рента төлеуші өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзған кезде рента алушы өмір бойы асырауды қамтамасыз етуге берілген қозғалмайтын мүлікті қайтаруды не осы Кодекстің 528-бабында белгіленген жағдайда өзіне сатып алу бағасын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл орайда рента төлеушінің рента алушыны асырауда ұстауға байланысты жасалған шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

29-ТАРАУ. МҮЛІКТІ ЖАЛДАУ (ЖАЛҒА АЛУ)




Мүліктік жалдау шартының нысаны

Мүліктік жалдау шартының нысаны



Мүлікті жалдау шартының мерзімі



Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері



Жалға алушының құқықтары мен міндеттері



Құқықтары

Кемшіліктер табылған жағдайда жалға алушы жалға берушіден өз қалауы бойынша:

- 1) мүліктің кемшіліктерін тегін жоюды;
- 2) жалдау ақысын соған мөлшерлес азайтуды;
- 3) жалға берушіге бұл туралы алдын ала хабарлай отырып, сол кемшіліктерді жою жолында өзі жасаған шығындар сомасын мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін төлемнен ұстап қалуды;
- 4) шартты мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жалға алушы жалға берушінің келісімімен жалға алған мүлікті қосымша жалдауға (қосалқы жалға алу), мүліктік жалдау шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруге (қайта жалға беру), жалға алған мүлікті тегін пайдалануға беруге, сондай-ақ осы құқықтарды кепілге беруге және оларды шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салуға құқылы.


Міндеттері

- Жалға алынған мүлікке уақытылы ақысын төлеп отыруға;
- Жалға алушы, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті дұрыс күйде ұстап-тұтуға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және мүлікті ұстап-тұтуға кететін шығындарды көтеруге міндетті.
- Жалға алушы, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті дұрыс күйде ұстап-тұтуға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және мүлікті ұстап-тұтуға кететін шығындарды көтеруге міндетті.

Мүлікті жалдау шартын өзгерту және тоқтату



**МҮЛІКТІ ЖАЛДАУ
ШАРТЫН ТОҚТАТУ**



Кәсіпорынды жалға алу



Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша жалға алушының құқықтары мен міндеттері

Жалға алушы жалға берушінің рұқсатынсыз (егер шартпен өзгеше көзделмесе)

- сатуға;
- айырбастауға;
- уақытша иеленуге беру;
- жалданған кәсіпорынның мүлкінің құрамына жататын материалдық құндылықтарды қарызға беруге;
- қосалқы арендаға беру;
- жалданған мүліктік кешеннің құрамына өзгерістер енгізуге.

Жалға алушының міндеттері

- Кәсіпорынды жалға алушы шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, ағымдағы және күрделі жөндеуді қоса алғанда, кәсіпорынды тиісті техникалық күйде ұстауға міндетті.
- Егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға алынған кәсіпорынды пайдалануға байланысты шығындар жалға алушыға жүктеледі.
- Өткізу актісін жасауды және оны қол қоюға табыс етуді қоса алғанда, кәсіпорынды жалға берушіге беруге дайындау, егер шартта өзгеше көзделмесе, бұл жағдайда жалға алушының міндеті болып табылады және соның есебінен жүзеге асырылады.
- Жалдау шарты тоқтатылған жағдайда кәсіпорын тұтастай мүлік кешені ретінде ҚР АҚ 573, 574 және 576-баптарында көзделген ережелерді сақтай отырып жалға берушіге қайтарылуға тиіс.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау

Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты бойынша жалға беруші үйді немесе ғимаратты жалға алушының уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді.

Шарттың нысаны

- Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты тараптар қол қойған бірыңғай құжат ретінде жазбаша нысанда жасалады.
- Үйді немесе ғимаратты жалдау шартының нысанын сақтамау оның жарамсыздығына.


Жалдау ақысының мөлшері

- Үйлер мен ғимараттарды пайдаланғаны үшін ақы


Өткізу актісі

Жалға алушымен қабылданатын және жалға берушімен үйлер мен ғимараттар берілетін шарт (екі жақпен қол қойылады)

Көлік құралдарын жалдау



Лизинг



Прокат

ПРОКАТ ШАРТЫ (ҚР АҚ 595-б.)

Шарттың мақсаты	Прокат шарты бойынша берілген мүлік, егер шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, тұтыну мақсатында пайдаланылады.
Заңды сипаттамасы	Консенсуалды, ақылы, екіжақты, жария, қосыла шарты.
Шарттың мерзімі	Бір жылға дейін
Шарттың нысаны	Прокат шарты жазбаша түрде жасалады.
Шарттың нысаны	Қозғалатын мүлік
Мүлікті пайдаланғаны үшін ақы	Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы, мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін, тұрлаулы сомада белгіленген төлемдер түрінде белгіленеді.
Күрделі және ағымдағы жөндеу	Жалға берушімен жүзеге асырылады.
Қосалқы арендаға беруге	Жол берілмейді.

30-ТАРАУ. ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛДАУ

Тұрғын үйді жалдау шарты

Тұрғын үйді жалдау шарты бойынша тұрғын үйдің иесі немесе оның уәкілетті адамы (жалға беруші) азаматқа (жалға алушыға) және оның отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ақы төлеп пайдалануға беруге міндеттенеді.

Шарттың заңды сипаттамасы

Консенсуалды
Ақылы
Екіжақты

Шарттың түрлері

Мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлерінде – жергілікті атқару органы шешімінің негізінде

Жекеше тұрғын үй қорының үйлерінде – екіжақтың келісімімен негізделеді.

Шарттың тараптары

Жалға беруші

Жалға алушы

Шарттың нысаны

Жазбаша түрде (заңмен белгіленген жағдайларда мемлекеттік тіркеуді қажет етеді)

31-ТАРАУ. МҮЛІКТІ ТЕГІН ПАЙДАЛАНУ

Мүлікті тегін пайдалану шарты

Мүлікті тегін пайдалану шарты (несие шарты) бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тарапқа (несие алушыға) мүлікті тегін уақытша пайдалануға береді, ал соңғысы мүліктің қалыпты тозуын ескере отырып, қандай күйде алса, сондай күйде немесе шартта ескертілген күйде қайтаруға міндеттенеді.

Заңды сипаттамасы

- ақысыз
- нақты
- өзара

Шарттың нысаны

Мүлікті тегін пайдалану шартының талаптары мен мүліктің мақсатына сай келетін мүлік және де оның барлық керек-жарақтағымен және оған қатысты құжаттарымен беріледі.


32-ТАРАУ. МЕРДІГЕРЛІК

Мердігерлік шарты

Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.




Мердігерлік шартының тараптары



Бағасы




МЕРДІГЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ



Тапсырысшының міндеттері




Мердігерлік шартының түрлері



Тұрмыстық мердігерлік шарт


Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.







Құрылыс мердігерлік шарт

Құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.





Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт



Жобалау және іздестіру шарты бойынша тараптардың негізгі міндеттері

Мердігердің міндеттері	Тапсырысшының міндеттері
жұмыстарды шарт жасасу кезінде жобалауға берілген бастапқы деректерге сәйкес орындауға;	мердігерге барлық жұмыс аяқталғаннан кейін белгіленген бағаны төлеуге немесе оны жұмыстың жекелеген кезеңдері аяқталғаннан кейін бөліп төлеуге;
дайын жобалау-сметалық құжаттаманы тапсырысшымен, ал қажет жағдайда тапсырысшымен бірге құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісуге;	мердігерден алынған жобалау-сметалық құжаттаманы тек шартта көзделген мақсаттарға пайдалануға, жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге және ондағы деректерді мердігердің келісімінсіз жария етпеуге;
егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшыға дайын жобалық-сметалық құжаттаманы және іздестіру жұмыстарының нәтижесін бір мезгілде беруге;	мердігерге шартта көзделген көлем мен жағдайда жобалау және іздестіру жұмыстарын орындауына қызмет көрсетуге;
тапсырысшының келісімінсіз жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.	мердігермен бірге дайын жобалау-сметалық құжаттаманы құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісуге қатысуға;
	мердігерге қатысы жоқ мән-жайлардың салдарынан жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректердің өзгеруінен пайда болған қосымша шығындарды өтеуге.

Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты



33-ТАРАУ. ӨТЕЛМЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


Өтелмелі қызмет көрсету шарты

Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Қызмет көрсетудің түрлері

- байланыс қызметін,
- медициналық,
- мал дәрігерлік,
- аудиторлық,
- консультациялық,
- ақпараттық қызмет көрсету,
- оқыту бойынша көрсетілген қызметтер,
- туристік қызмет көрсету.

34-ТАРАУ. ТАСЫМАЛДАУ



Тасымалдау құжаттарының түрлері мен мақсаты



35-ТАРАУ. КӨЛІК ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Көлік экспедициясы шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін және басқа тараптың (клиенттің — жүк жөнелтушінің, жүк алушының немесе экспедитор қызметтеріне мүдделі өзге тұлғаның) есебінен жүкті тасымалдауға байланысты экспедиция шартында белгіленген қызмет көрсетулерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүкті тасымалдау шартын (шарттарын) жасасуға міндеттенеді.


Екіжақты

Ақылы

Консенсуалды немесе нақты

36-ТАРАУ. ЗАЕМ

Заем шарты бойынша бір тарап (заем беруші) басқа тараптың (заемшының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына) ақша немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды береді, ал осы Кодексте немесе шартта көзделген жағдайларда оларды беруге міндеттенеді, ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді (ҚР АҚ 715-б.).



Қарыз берушінің құқықтары:

- Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қарыз нысанын пайдаланғаны үшін қарыз алушы шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді (ҚР АҚ 718-б.).
- Егер шартта заемды бөлшектеп (бөліп-бөліп) қайтару көзделсе, заемшы заем нысанының кезекті бөлігін қайтару үшін белгіленген мерзімді бұзған жағдайда заем беруші заем нысанының қалған барлық бөлігінің тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы (ҚР АҚ 722-б. 3-т.).
- Егер шартта заем бойынша сыйақыны заем нысанының өзін қайтару мерзімдерінен бұрын төлеу көзделсе, сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзім бұзылған жағдайда заем беруші заемшыдан заем нысанын тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы (ҚР АҚ 722-б. 4-т.).
- Заемшы заем нысанын қайтаруды және сыйақы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамаған кезде, сондай-ақ заем беруші жауап бермейтін мән-жайлар бойынша қамтамасыз етуді жоғалтқан немесе оның шарттарын нашарлатқан жағдайда заем беруші заем нысанының тиісінше ұсынылмаған бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы (ҚР АҚ 721-б. 2-т.).
- Заемшы заем нысанын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда заем беруші заем нысанының берілмеген бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы (ҚР АҚ 720-б. 3-т.).

Қарыз берушінің міндеттері



- Заем нысаны шартта көзделген мерзімде, мөлшерде және жағдайда беріледі.
Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысаны оны заемшыға берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша қаражаты есептелген кезден бастап берілген деп есептеледі.
- Банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді.

Заемшының құқықтары мен міндеттері

Заемшының құқықтары

```
graph TD; A[Заемшының құқықтары] --> B["- Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заемшы заем берудің шартта белгіленген мерзіміне дейін заем берушіні бұл туралы хабардар ете отырып, заем алудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы (ҚР АҚ 719-б. 2-т.).<br>- Заемшы заем берушіден өзінің заем нысанын (ақшаны немесе заттарды) іс жүзінде алмағандығын немесе шартта көрсетілгеннен аз мөлшерде немесе аз санда алынғанын дәлелдей отырып, заем шартын даулауға құқылы (ҚР АҚ 724-б. 1-т.).<br>- Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысансыз болады және заемшы алынған заем нысанын өз қалауы бойынша пайдаланады (ҚР АҚ 720-б. 1-т.)."]; style A fill:#fff,stroke:#000; style B fill:#fff,stroke:#000;
```

- Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заемшы заем берудің шартта белгіленген мерзіміне дейін заем берушіні бұл туралы хабардар ете отырып, заем алудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы (ҚР АҚ 719-б. 2-т.).
- Заемшы заем берушіден өзінің заем нысанын (ақшаны немесе заттарды) іс жүзінде алмағандығын немесе шартта көрсетілгеннен аз мөлшерде немесе аз санда алынғанын дәлелдей отырып, заем шартын даулауға құқылы (ҚР АҚ 724-б. 1-т.).
- Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысансыз болады және заемшы алынған заем нысанын өз қалауы бойынша пайдаланады (ҚР АҚ 720-б. 1-т.).

Заемшының міндеттері

Заемшының міндеттері

- Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қарыз нысанын пайдаланғаны үшін қарыз алушы шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді.
- Заемшы шартта көзделген тәртіппен және мерзімде заем нысанын қайтаруға міндетті.
- Заем нысанын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау осы Кодексте көзделген әдістермен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл жағдайда заемшы, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заем берушіге заемның қамтамасыз етілуін бақылауға мүмкіндік беруге міндетті.

37-ТАРАУ. АҚШАЛАЙ ТАЛАПТЫ БЕРІП ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ФАКТОРИНГ)

АҚШАЛАЙ ТАЛАПТЫ БЕРІП ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТЫ

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша бір тарап (қаржы агенті) ақшаны басқа тараптың (клиенттің) билігіне береді немесе беруге міндеттенеді, ал клиент қаржы агентіне клиенттің (кредит берушінің) осы үшінші тұлғамен (борышқормен) қатынастарынан туындайтын өзінің ақшалай талабын қаржы агентіне береді немесе беруге міндеттенеді.

Шарттың нысаны

Төлем мерзімі келген ақшалай талап (қойылып келген талап) та, болашақта туындайтын ақша алу (келешектегі талап) құқығы да қаржы беру нысаны болуы мүмкін.

Шарттың тараптары

- қаржы агенті;
- клиент;
- борышқор;
- кредитор.


Шарттың нысаны

- жазбаша;
- нотариалдық;
- мемлекеттік тіркеумен.

38-ТАРАУ. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



Банктік қызмет көрсету шарты

Банктік қызмет көрсету шарты бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) тапсырмасы бойынша банктік қызмет көрсетуге, ал клиент, егер шартта өзгеше көзделмесе, осы көрсетілген қызметке ақы төлеуге міндеттенеді.




Банк салымы

Банк салымы шарты бойынша бір тарап (банк) екінші тараптан (салымшыдан) ақша (салым) алуға, олар бойынша банктік салым шартында көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге және салымның осы түрі үшін заң актілерінде және шартта көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша салымды қайтаруға міндеттенеді.



Банктік шот

Банктік шот шарты бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) пайдасына түсетін ақшаны қабылдауға, клиенттің клиентке немесе үшінші тұлғаларға ақшаның тиісті сомаларын аудару (беру) туралы өкімдерін орындауға және банктік шот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.



39-ТАРАУ. САҚТАУ

Сақтау шартының мазмұны

Сақтаушының құқықтары мен міндеттері

- Затты сақтауға қабылдауды (ҚР АҚ 770-б.).
- Егер зат талап етілмелі сақтауға немесе мерзімі көрсетілмей өткізілген болса, сақтаушы осындай жағдайлардағы заттың әдеттегі сақталу мерзімі өткен соң жүк берушінің заттарды қайтып алуын талап етуге құқылы, бірақ жүк берушіге затты қабылдап алуға жететіндей қисынды мерзім беруге міндетті (ҚР АҚ 773-б. 1-т.).
- Сақтаушы өзіне берілген заттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін шартта көзделген, сондай-ақ басқа да қажетті барлық шараны қолдануға міндетті (ҚР АҚ 775-б.).
- Шартта көзделген, сондай-ақ егер затты пайдалану оның сақталуын қамтамасыз етуі үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, сақтаушының затты пайдалануға құқығы жоқ (ҚР АҚ 775-б. 4-т.).
- Сақтаушы затты қайтарумен қатар, егер шартта өзгеше көзделмеген болса, оны сақтау уақытында алынған нәтижелер мен кірістерді де беруге құқылы (ҚР АҚ 775-б. 5-т.).

Жүк берушінің құқықтары мен міндеттері

- Сақтаушыға затты сақтағаны үшін сыйақының беруге міндетті (ҚР АҚ 774-б.).
- Сақтауға берілген затты алуға (ҚР АҚ 781-б.).

40-ТАРАУ. САҚАНДЫРУ


Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

Сақтандыру қызметі — сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасауға және орындауға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және уәкілетті органның лицензиясының негізінде жүзеге асырылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі.

«өмірді сақтандыру» саласы

«жалпы сақтандыру» саласы

Сақтандырудың түрлері



Сақтанушы мен сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

```
graph TD; A[Сақтанушы мен сақтандырушының құқықтары мен міндеттері] --> B[Сақтанушының құқықтары мен міндеттері:]; A --> C[Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері:];
```

Сақтанушының құқықтары мен міндеттері:

- сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті;
- сақтандыру тәуекелін тудыратын жағдайлар туралы сақтандырушыға хабарлау;
- сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушыны хабардар ету.

Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері :

- сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстырады;
- сақтандыру сомасының көлемін анықтайды;
- сақтанушы мен оның мүлкі туралы ақпаратының құпиялылығын сақтайды;
- сақтандыру төлемін төлейді.


Сақтандыру шарты бойынша ұғымдар



41-ТАРАУ. ТАПСЫРМА

ТАПСЫРМА ШАРТЫ

Тапсырма шарты бойынша бір тарап (сенім білдірілген өкіл) екінші тараптың (сенім білдірушінің) атынан және соның есебінен белгілі бір заңды іс-әрекет жасауға міндеттенеді. Сенім білдірілген өкіл жасаған мәміле бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей сенім білдірушіде пайда болады.



Тапсырма шарты бойынша құқықтар мен міндеттер


Сенім білдірілген тұлға

- 1) өзіне берілген тапсырманы өзі орындауға;
- 2) сенім білдірушіге оның талап етуі бойынша тапсырманың орындалу барысы туралы барлық мәліметті хабарлауға;
- 3) сенім білдірушіге жасалған мәміле бойынша алынғандардың бәрін дереу беріп отыруға;
- 4) тапсырманы орындаған соң қолдану мерзімі аяқталмаған сенімхатты кешіктірмей сенім білдірушіге қайтаруға және егер ол тапсырманың сипаты бойынша талап етілетін болса, ақтайтын құжаттарды қоса отырып есеп беруге.

Сенім білдіруші


- 1) сенім білдірілген өкілді тапсырманы орындау үшін қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге;
- 2) сенім білдірілген өкілдің тапсырманы орындау үшін қажет болған шығындарының орнын толтыруға міндетті.
2. Сенім білдіруші шартқа сәйкес сенім білдірілген өкіл орындағанының барлығын кешіктірмей қабылдауға міндетті.
3. Сенім білдіруші тапсырманың орындалуы бойынша сенім білдірілген өкілге ҚР АҚ 850-бабының ережелеріне сәйкес сыйақы төлеуге міндетті.

Тапсырма шартын тоқтатудың негіздері




43-ТАРАУ. КОМИССИЯ

Комиссия шарты бойынша бір тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитент есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенеді.



Комиссия шартын тоқтатудың негіздері



44-ТАРАУ. МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ

МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ ШАРТЫ

Мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу кезінде сенімгер басқарушы, егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өзінің иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мүлікті пайда алушының мүддесі үшін өз атынан басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Пайда болу негіздері

Мәміле

Соттың шешімі

Әкімшілік акт

Шарттың нысаны

Жазбаша

Жылжымайтын мүлікті беру мемлекеттік тіркеуді қажет етеді.

Сенімгер басқарушының құқықтары мен міндеттері

СЕНИМГЕР БАСҚАРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ


Құқықтары:

- Сенімгер басқарушының мүлікті дұрыс басқару мақсатында сеніп тапсырылған мүлікпен меншік иесі жасай алатын кез келген іс-әрекетті жүргізуге құқығы бар.
- Сеніп берілген мүлікке сенімгер басқарушының құқығы заң актілерімен, шартпен немесе мүлікті сенімгерлікпен басқару пайда болғанда негізге алынған өзге де актімен шектелуі мүмкін.
- Сенімгер басқарушы қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру мен кепілге салуды сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы актіде ол тікелей көрсетілген жағдайда ғана жасауға құқылы.
- Сенімгер басқарушының мүлікті сенімгерлікпен басқару кезінде өзі жасаған қажетті шығындарды құрылтайшының (пайда алушының) есебінен, не сеніп тапсырылған мүліктің есебінен, не сеніп тапсырылған мүлікті пайдаланудан түскен кірістің есебінен өтетіп алуға құқығы бар.
- Егер мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы актіде көзделсе, сенімгер басқарушының сыйақы алуға құқығы бар.
- Сенімгер басқарушының басқа біреудің заңсыз иеленуінен өзіне сеніп тапсырылған мүлікті қайтарып алуға, сондай-ақ оның басқару құқығын бұзушылықты жоюды, бұл құқық бұзушылық иеленуді бұзумен байланысты болмаса да, талап етуге құқығы бар.

Міндеттері:

- Сенімгер басқарушы құрылтайшыға және пайда алушыға, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартында белгіленген мерзім мен тәртіп бойынша өз қызметі туралы есеп береді. Құрылтайшының және (немесе) пайда алушының талап етуі бойынша сенімгер басқарушының қызметі туралы есеп өзге жағдайда да дереу берілуге тиіс.
- Сенімгер басқарушының өзі үшін белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесі, егер мұндай мәмілеге қатысушы үшінші тұлға ондай шектеулерді білмесе және білуге тиіс болмаса, жарамды деп танылады. Бұл жағдайда сенімгер басқарушы құрылтайшы алдында шартқа және заң актілеріне сәйкес жауап береді.
- Сенімгер басқарушы өзіне берілген құқықты асыра пайдаланып немесе өзі үшін белгіленген шектеулерді бұзып жасаған мәміле бойынша міндеттемені сенімгер басқарушы өз мүлкі есебінен мойнына алады.

Сенімгерлікпен басқару шартын тоқтату



45-ТАРАУ. КЕШЕНДІ КӘСІПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ (ФРАНЧАЙЗИНГ)

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т.б.) беруге міндеттенеді.

Лицензиардың міндеттері:

Лицензиар шартта көзделген мерзімдер мен көлемде лицензиатқа техникалық және коммерциялық құжаттаманы беруге және лицензиатқа шарт бойынша берілген құқықтарды іске асыру үшін оған қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ лицензиатты мұндай құқықтарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша оқытуға және оған консультация беруге міндетті.

Лицензиаттың міндеттері:

- шартта көзделген қызметті іске асыру кезінде шартта көрсетілген лицензиардың лицензиялық кешенін шартта көрсетілген түрде пайдалануға;
- лицензиарды өзінің өндірістік аумағына жіберуге, оған қажетті құжаттаманы беруге және оған берілген айрықша құқықтардың дұрыс пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға көмек көрсетуге;
- лицензиардың пайдалануға берілген айрықша құқықтардың сипатына, пайдалану әдісі мен шарттарына қатысты барлық нұсқаулығы мен нұсқауларын сақтауға;
- лицензиардың өндіріс құпиясын және одан алынған коммерциялық жасырын ақпаратты жария етпеуге;
- сатып алушыларды (тапсырыс берушілерді) олар үшін мейлінше айқын әдіспен фирмалық атауын, тауар белгісін, қызмет белгісін немесе даралаудың өзгедей құралын кешенді кәсіпкерлік лицензиясы шарты негізінде пайдаланатындығы туралы хабардар етуге міндетті.

46-ТАРАУ. КОНКУРСТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Конкурстық міндеттемеде оның бастамашысы конкурстың өзі айқындаған нысаны мен бастапқы шарттарының негізінде тұлғалардың белгісіз немесе белгілі бір адамдар тобына оған қатысуға ұсыныс жасайды және конкурстың жеңімпазына белгіленген сыйақы төлеуге және (немесе) онымен конкурстық міндеттемелердің мазмұнына сәйкес шарт жасасуға міндеттенеді.

Саудаласу негізінде туындайтын конкурстық міндеттемелер:

Көпшілік алдында уәде етуден туындайтын конкурстық міндеттемелер

Тендер

Аукцион

Конкурстық міндеттеменің қатысушылары



47 ТАРАУ. ЗИЯН КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ЗИЯН КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлiктiк немесе мүлiктiк емес игiлiктерi мен құқықтарына заңсыз iс-әрекеттермен (әрекетсiздiкпен) келтiрiлген (мүлiктiк және (немесе) мүлiктiк емес) зиянды, оны келтiрген тұлға толық көлемiнде өтеуге тиiс.

Заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкерi келтiрген зиян үшiн жауапкершiлiгi


Мемлекеттiк органдар, жергiлiктi өзiн-өзi басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтiрген зиян үшiн жауапкершiлiк

Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз iс-әрекеттерiмен келтiрiлген зиян үшiн жауапкершiлiк

Он төрт жасқа дейiнгi кәмелетке толмағандар келтiрген зиян үшiн жауапкершiлiк

Он төрт жастан он сегiз жасқа дейiнгi кәмелетке толмағандар келтiрген зиян үшiн жауапкершiлiк

Әрекетке қабiлетсiз деп танылған азамат келтiрген зиян үшiн жауапкершiлiк



**Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі
салдарынан келтірілген зиянға жауапты тұлғалар**

ЗИЯН КЕЛТІРУДІҢ СЕБЕПТЕРІ	ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАР
Тауарлардың кемшіліктері	Сатушы, тауарды дайындаушы (жәбірленушінің таңдауы бойынша)
Жұмыстардың немесе қызмет көрсетулерінің кемшіліктері	Орындаушы
Тауар туралы ақпараттың толықтығы еместігі немесе дәйексіздігі	Сатушы, тауарды дайындаушы (жәбірленушінің таңдауы бойынша)
Жұмыс немесе қызмет көрсету туралы ақпараттың толық еместігі немесе дәйексіздігі	Орындаушы

Азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу

Азамат қайтыс болған жағдайда қайтыс болған адамның асырауындағы немесе ол қайтыс болған күнге дейін одан жәрдем ақша алуға құқылы болған еңбекке жарамсыз адамдардың

қайтыс болған адамның ол қайтыс болғаннан кейін туған баласының

ата-анасының біреуі, зайыбы не еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, жұмыс істемейтін және қайтыс болған адамның асырауында болған балаларын, немерелерін, жасы он төртке толмаған не аталған жасқа толса да, медицина органдарының қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты басқа адамның күтуіне мұқтаж аға-інілері мен апа-қарындастарын (жас балаларды) күтумен айналысатын, отбасының басқа да мүшесінің зиянды өтетіп алуға құқығы бар.

Азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу

Моральдық зиянды өтеу

Моральдық зиян — жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т. б.).

Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда өтеледі:

зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

5-БӨЛІМ. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

49-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері:

1. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері.
 2. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары жатады.
 3. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:
 - 1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
 - 2) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;
 - 3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
 - 4) селекциялық жетістіктер;
 - 5) интегралдық микросызба топологиялары;
 - 6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);
- Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:
- 1) фирмалық атаулар;
 - 2) тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);
 - 3) тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету);
 - 4) ҚР АҚ және заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады.

Интеллектуалдық меншік объектісіне құқықтың пайда болу негіздері:

Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық оларды құру фактісінің күшімен

ҚР АҚ немесе өзгеде заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық қорғауды беруі нәтижесінен туындайды.

50-ТАРАУ. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ОБЪЕКТИСІНІҢ ТҮРЛЕРІ


- 1) әдеби туындылар;
 - 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
 - 3) сценарийлік туындылар;
 - 4) хореография және пантомима туындылары;
 - 5) мәтінді немесе мәтінсіз музыкалық туындылар;
 - 6) аудио-бейне туындылар, радио туындылар;
 - 7) кескіндеме, мүсін, графика туындылары мен басқа да бейнелеу өнерінің туындылары;
 - 8) қолданбалы өнер туындылары;
 - 9) сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
 - 10) фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен алынған туындылар;
 - 11) географияға, топографияға және басқа ғылымдарға қатысты карталар, жоспарлар, эскиздер, безендірмелер мен үш өлшемді туындылар;
 - 12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;
 - 13) өзге де туындылар.
2. ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларды қорғау кез келген тілде және кез келген нысанда көрсетіле алатын, оларға негізгі мәтінді және объектілік кодты қоса алғанда, ЭЕМ (оның ішінде операциялық жүйелер) бағдарламаларының барлық түрлеріне қолданылады.
3. Авторлық құқық объектілеріне, сондай-ақ:
- 1) туынды шығармалар (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндеулер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық аранжировкалар және ғылым, әдебиет пен өнер туындыларының басқа да қайта өңделімдері);
 - 2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және басқа да іріктелу және (немесе) материалдардың орналасуы бойынша шығармашылық еңбек нәтижесі болып саналатын құрастырылған туындылар жатады.
- Туынды және құрастырылған шығармалар оларға негіз болған немесе олар қамтыған шығармалардың авторлық құқық объектілері болу-болмауына қарамастан авторлық құқықпен қорғалады.

51-ТАРАУ. САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР




6-БӨЛІМ. МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

57-ТАРАУ. МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ



Мұрагерлік



Мұраны қабылдауға құқығы жоқ:

Заң бойынша және өсиет бойынша

1. Мұра қалдырушыны немесе мүмкін болатын мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұған өсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты өсиет қалдырған адамдар кірмейді.
2. Мұра қалдырушының соңғы еркін жүзеге асыруға қасақана кедергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ.

Заң бойынша

1. Балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заң күшімен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және кәмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ.

Заң бойынша мұрагерлік

МЕМЛЕКЕТ

ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАГЕРЛЕР

Бірінші кезек — мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы.

Екінші кезек — мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі.

Үшінші кезек — мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары.

Төртінші кезек — үшінші туыстық дәрежесіндегі туыстар — мұра қалдырушының арғы аталары мен әжелері;

Бесінші кезек — төртінші туыстық дәрежесіндегі туыстар — мұра қалдырушының туған немере іні-қарындастарының, жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындастары, жиеншарлары) және оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері);

Алтыншы кезек — бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының шөбере іні-қарындастарының, жиеншарларының балалары, оның немере аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары және оның екі атадан қосылатын аталары мен әжелерінің балалары шақырылады.

Жетінші кезек — мұра қалдырушымен кемінде он жыл бір отбасында тұрған мұра қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), өгей ұлдары, өгей қыздары, өгей әкесі және өгей шешесі шақырылады.

Сегізінші кезек — басқа мұрагерлері болмаған жағдайда мұра қалдырушының асыруындағы еңбекке жарамсыз адамдар.

МҰРАДАҒЫ МІНДЕТТІ ҮЛЕСКЕ ҚҰҚЫҚ

Мұра қалдырушының
кәмелетке толмаған немесе
еңбекке жарамсыз балалары

Еңбекке жарамсыз жұбайы

Еңбекке жарамсыз ата-анасы

Заң бойынша мұрагерлік кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлестің
(міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Ерекше бөлім	4
4-бөлім. Міндеттемелердің жекелеген түрлері.....	4
25-тарау. Сатып алу-сату.....	4
1-параграф. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелер	4
2-параграф. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты	9
3-параграф	11
4-параграф. Келісімшарт жасасу шарты (Контрактация).....	15
5-параграф. Энергиямен жабдықтау шарты	17
6-параграф. Кәсіпорынды сату.....	20
26-тарау. Айырбас шарты	21
27-тарау. Сыйға тарту шарты	22
28-тарау. Рента шарты	23
29-тарау. Мүлікті жалдау (жалға алу).....	29
Мүліктік жалдау шартының нысаны.....	30
Мүлікті жалдау шартының мерзімі	31
Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері.....	32
Жалға алушының құқықтары мен міндеттері	33
Мүлікті жалдау шартын өзгерту және тоқтату	34
Кәсіпорынды жалға алу	36
Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша жалға алушының құқықтары мен міндеттері	37
Үйлер мен ғимараттарды жалдау	38
Көлік құралдарын жалдау.....	39
Лизинг	40
Прокат	41
30-тарау. Тұрғын үйді жалдау	42
Тұрғын үйді жалдау шарты	42
31-тарау. Мүлікті тегін пайдалану	43

Мүлікті тегін пайдалану шарты	43
32-тарау. Мердігерлік	44
Мердігерлік шарты	44
Мердігерлік шартының тараптары	45
Бағасы	46
Тапсырысшының міндеттері	48
Мердігерлік шартының түрлері	49
Тұрмыстық мердігерлік шарт	50
Құрылыс мердігерлік шарт	52
Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт	54
Жобалау және іздестіру шарты бойынша тараптардың негізгі міндеттері	55
Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты	56
33-тарау. Өтелмелі қызмет көрсету	57
Өтелмелі қызмет көрсету шарты	57
34-тарау. Тасымалдау	58
Тасымалдау құжаттарының түрлері мен мақсаты	59
35-тарау. Көлік экспедициясы	60
36-тарау. Заем	61
Заемшының құқықтары мен міндеттері	64
Заемшының міндеттері	65
37-тарау. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг)	66
38-тарау. Банктік қызмет көрсету	67
Банктік қызмет көрсету шарты	67
Банк салымы	68
Банктік шот	1
39-тарау. Сақтау	70
Сақтау шартының мазмұны	70
40-тарау. Сақтандыру	71
Сақтандырудың түрлері	72
Сақтандыру шарты бойынша ұғымдар	74

41-тарау. Тапсырма	75
Тапсырма шарты бойынша құқықтар мен міндеттер	76
Тапсырма шартын тоқтатудың негіздері	77
43-тарау. Комиссия	78
Комиссия шартын тоқтатудың негіздері	79
44-тарау. Мүлікті сенімгерлікпен басқару	80
Сенімгер басқарушының құқықтары мен міндеттері	81
Сенімгерлікпен басқару шартын тоқтату	82
45-тарау. Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)	83
46-тарау. Конкурстық міндеттемелер	84
Конкурстық міндеттеменің қатысушылары	85
47 тарау. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер	86
Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянға жауапты тұлғалар	88
Моральдық зиянды өтеу	90
5-Бөлім. Интеллектуалдық меншік құқығы	91
49-тарау. Жалпы ережелер	91
50-тарау. Авторлық құқық	93
51-тарау. Сабақтас құқықтар	94
6-бөлім. Мұрагерлік құқық	95
57-тарау. Мұрагерлік құқық	95
Мұрагерлік	96
Заң бойынша мұрагерлік	98

Мейрамгүл Қазыбекқызы Балтабасова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ
(ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)**

Сызбалар альбомы

Редактор: Б. А. Қалиев

Техникалық редакторлар: С. М. Аубакирова, Р. М. Стафеев

Корректор: Ж. Ш. Жалмаханова

Тексеруге 05.12.2017 ж. 27.12.2017 ж. қол қойылды.

Қалабы 60×84¹/₈. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ 12,1. Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 1919

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2017 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 24

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 124